

**Қазақстан Республикасының
Құрметті Жоғарғы Сот төрағасы
мырза Жақып Қажыманұлы
Асановқа**
К.Ж.Абежановтан
Павлодар облысы, Баянауыл
ауданының тұрғыны
зейнеткер, жасым 76

АЛҒЫС ХАТ

Мен, Кабдурахман Жетписович Абежанов, 21 қаңтар 1945 жылы туған, 76 жастағы ақсақал, зейнеткер, Аймауытов ауылының Баянауыл ауданының тұрғыны, 40 жыл мал маманы болып еңбек жасадым.

2018 жылы, менің 18 бас жылқымды ұрлап кетті. Сол жылқылар 2020 жылы 14 наурыз күні 3 басы, яғни 2 бас 1 құнан табылды. Павлодар облысы, Ақсу ауданы, Жолқұдық ауылынан Ахметов Ерлан гаишниктен оған Тасыбаев Е.С. 2 құлынды бас 660 мыңға сатқан.

Биелердің енің өзгерткен менің енім тілік. Тілікті кесіп төмен қарай өзінің енің салған ойық қылдырып.

Осы істі қараған Баянауыл аудандық сотының төрайымы Сауле Хайрбековна Даныярова. Сот отырысы 2020 жылы қазан айында бастап 2021 жылы наурыз айының 3 күні үкімі шықты, істі қазақ тілінде қарады. 32 сот отырысы болды, 46 куәден, маманнан, эксперттен жауап алынды. Осы ұрлыққа байланысты бәрін тексеріп. Аймауытов ауылының халқынан куә ретінде түсініктеме алды. Сеиткулов Бәкібай, Окасов Архар, Әбілқасов Ақат, Молдашбеков Берік бәрі менің жылқым екенін растады. Сот төрайымы Даныярова С.Х. әділ үкім шығарды. Ұрылар тиісті жазаларын алды Тасыбаев Е.С. 8 жыл бас бостандығынан айырылды, Оразбаевқа Ж.Т. 4 жыл бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды.

Осындай Даныярова С.Х. қазақтың қыздары сот жүйесінде істесе мен сотқа сенемін. Бүкіл ауылдың ақсақалдары осы Даныяроваға С.Х. батасын беріп жатыр, өйткені енді олар қорықпайды жылқыларды Е.С.Тасыбаев ұрлап айдап кетпейді.

С.Х.Даныярова Баянауыл ауданының халқының сенімін ақтады, өйткені 2009 жылдан бастап Баянауыл ауданына бірінші сот әйелі болып келді, 10 жыл сот қызметін атқарып, 2019 жылдан бастап бірінші әйел төрайымы болып тағайындалды.

Құрметті Жоғарғы Сот төрағасы менің Сізден сұрайтыным Баянауыл аудандық сотының төрайымы Даныярова С.Х. статусын көтеріп мемлекеттік наградға ұсынуыңызды сұраймын. Бұл кісінің еңбегі адал және өз ісіне ұқыпты білгір сот және өте адал судья.

Абежанов К.Ж. 03.06.2021 жыл



Қазақстан Республикасының	
Жоғарғы Соты	
« 16 »	20 21 ж.
Кіріс № 4576	Парақ 1